



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

5. Максимова А.Г., Мерщев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. – Алмата, 1968.
6. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы, 2010.
7. Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 94(574)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕРДІҢ РӨЛІ

Ақман Шырайлым Жақыпбекқызы

akman.shyrailym@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жанисов А.Т.

«Өткенін білмеген, болашағын болжай алмас» деген нақыл сөздің астарында зор мағына бар. Туған жер, ана тілі, ата дәстүрі үшін күресіп, қара қазан сары баланың қамы үшін бастарын бәйгеге тіккен бабаларымыздың ерлік жолы туған елін, жерін сүйеге әрдайым үндеп отыратын, бойымызға отансүйгіштік қасиетті орнықтыруға ықпал ететін ұлы ұғым болуы тиіс.

Қазақтың кең жазира даласында негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ру-тайпалар қоғам ішіндегі сот билігін ақсақалдар, билер мен хан арқылы жүзеге асырып отырған. Хан тайпалар, рулық одақтастар арасындағы өте күрделі де мемлекеттік маңызы бар дау-таластарды, сол секілді кісі өлімін билерді қатыстыра отырып қараса, ал билер қоғамдағы қылмыстық және азаматтық істердің бәрін қараған. Ал ақсақалдар болса ру ішіндегі уақ-түйек тәртіпсіздіктерді шешкен.

Қазақ билері өз қызметінде жергілікті ру мүддесінен халық мүддесін жоғары ұстағаны аян. Сондықтан, «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген сөз, әсіресе билердің моральдық-құқықтық мәртебесіне қойылған талап болса керек. «Әділсіз би оңбас, әйелсіз үй оңбас», «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас ій», «Елге бай құт емес, би құт» деп келетін аталы сөздер әділдіктің құндылық ретінде қаншалықты жоғары екендігінің дәлелі. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп те халқымыз билерге үлкен аманат жүктеген [1, 257 б]. Себебі, би – үнемі көптің назарында, қоғамдық пікірдің бақылауында жүретін адам. Сондықтан, оның өзі де, сөзі де елге өнеге болуы керек деп санаған бабаларымыз ұрпаққа «Жаманнан жасауыл қойсаң еліңді жауға алдырар, наданнан би қойсаң, еліңді дауға қалдырар» деген қанатты сөз қалдырған. Ел аузында сақталған бір әңгімеде мынадай дерек келтірілген: «1740 жылы қалмақ билеушісі Қалдан Цереннің қолшоқпарлары Ұлы жүздің ханы Жолбарысты өлтіреді. Төле би бастаған ел Ташкенттен қуылады. Жау жағы Ташкентке Қоқым манапты әкімдікке тағайындайды. Бұл кезде Сыр бойы қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Осы тұста Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басылары түгел жиналады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ» деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

«Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі

Өзіне келер ұятын

Өзі біліп тұрса игі

Жаудан бұққан немені

Ортасынан қуса игі» - деп, шырақ бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді. [2, 160б]

Демек, Төле Әлібекұлының ой орамын сарапқа салсақ, азаттық өмір – атадан балаға мирас

болып келе жатқан қазақ халқының өмір салты. Сондықтан, елді қорғау, жерді қорғау – ата жолы. Ата жолын бұзып, ел шетіне келген жауға қарсы аттанбай, оған тойтарыс беруден бас тартқан жан – халықтың қалыптасқан ерлік дәстүрін бұзушы, құқықтық қағидасына қарсы келуші деп есептейді ол. Біздің бұл пікірімізді Төленің келесі толғауы да мақұлдайды. «Қарабек батыр мен оны жақтаушыларды жиыннан қуған соң Төле айналасындарға қарап:

Уа,көсіле шабар жерің бар
Ту көтерген ерің бар,
Қол боларлық елің бар,
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Арылмайтын сорын бар...
Құлдық ұрсаң дұшпанға,
Еркек болып туды деп
Мына сені кім айтар?» - дейді.

Ел бірлігін уыстан шығарып алмау үшін сол елдің қамын ойлайтын ел ұлдары керек. Өз отбасы немесе өз руы, тайпасы, өз жүзі аумағынан шыға мүдде алмай қалатын жандар бүкіл елдің, жалпы қазақ жұртының мүдде – мұратын қорғай алмайды. Сондықтан Төле бүкіл елдің бірлігін сақтайтын, жалпы халық қамын жейтін жастарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлген.

Олар билік шешімінде мүлде қателеспеген. Билер өздеріне жүктелген қасиетті міндетті жете түсініп, ең ауыр қылмыс – ұрлықтың тамырына балта шабуға мейлінше назар аударған. Олардың ұрыларға шешкен биліктеріне ешкімнің араласуына не алмастыруына құқы жоқ еді. Билерге ұрының бай адаммен туыстығы не жақындығы да ешқандай әсер ете алмайтын», – деп қазақ тарихын зерттеушілердің бірі А.Е.Алекторов жақсы жазып кеткен. Ал «Жеті жарғыны» зерттеуші Н. Өсеров зерттеулерінің бірінде «Билер өз қоғамымен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болған саясаткерлер. Бұл билердің айтқан билігі жерде қалған емес. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен билердің билігі оңай орындалып та отырған», – деп билер беделіне нақты тоқталғаны бар [3, 345 б].

Қазақтың би-шешендері қайталанбас ерекше тарихи тұлғалар. Олай дейтініміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықта ел өмірінің барлық қырына араласып, елді бірлік пен татулыққа, саяси әлеуметтік дамуға ұйыстырып, халықты аузына қаратқан тұлғалар болған емес. Бұл туралы академик Салық Зиманов «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» деген кітабында: «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған», – дейді[4,440б]. Толығырақ тоқталсақ: Сыпатай батыр мен қырғыздардың бір ру басы биі арасында дау туыпты. Екі ел арасында ұрыс – жанжал болады. Сондай бір қақтығыста Сыпатайдың жігіттері қырғыз биін қолға түсіреді. Биді Сыпатайдың алдына алып келеді. Сыпатай қырғыз биін еліне апарғызып салғызады. Едәуір уақыттан кейін арада тағы да қақтығыс болады. Тағы бір қысыл – таяң шақта қырғыз биі Сыпатайдың жігіттерінің қолына қайта түсіп қалады. Ұрыс – жанжалдың басы осы би екен. Сыпатай қолға түскен бидің жазасын белгілеу үшін билерін, кеңесшілерін шақырып, мәслихат құрады. Бір би тұрып: «Мұның көзін жою керек», - дейді.

Қасындағы билері түгел сөйлеп болды ау, дегенде Сыпатай Бөлтірікке бұрылып:

- Сен не дейсің,Ыстым? – деп сұрайды.
- Менің тілімді алсаң, биді өлтірме, жазалама, орнынан қозғама.
- Енді не істейміз? – деп қалады сабырсыз билердің бірі.

Бөлтірік сөзін жалғастырады:

- Бидің көзін жойғанмен, ұрыс – керістің көзі жойылмайды. Биліктен бидің аластап, орнына баласын қойғанмен, олқының орны толмайды, баласы әкесіндей болмайды, «судың

түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді». Қыз алып, қыз беріп, құда бол. Дауыңа дауа сол.

- Қырғыз биі Бөлтіріктің сөзін естігенде, отырған жерінде қолын қусырып, басын иіп, билікке ризалығын білдіреді.

- Сыпатай Бөлтіріктің билігіне тоқтайды. Содан былай қазақ – қырғыз арасында дау – дамай болмайды, екі жақ құда - жекжат болып сыйласып кеткен екен.

Бидің жеке басының ең жоғарғы қасиеттері ретінде дау-дамайларда ерекше әділ, халыққа адал, ар-ожданы мен намысы кіршіксіз болуын атай аламыз. Осы үш талаптың салмағын халқымыз «Шындықтан өзге құдай жоқ», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», деген қағидалармен бекіткен [5, 552 б.].

Бабаларымыз «Би төрттің құлы, бұл төртеуі – адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» деп, тайға таңба басқандай бидің қашан да әділдіктің құлы екенін өсиет етіп кеткен. Билер сотындағы басты мақсат әділдік болса, оған жетудің ең үлкен жолы сайысушылық процесі болды. Билер сайысудың, сөз таластырудың нәтижесінде дауласушыларды өзара бітімге жетелеген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», демекші, бет-жүзіне қарамай, шындықты шыныраудан шығарғандай айту, биге жүгінген екі жақтың да өз іс-әрекеттерін саралауға мүмкіндік берген. Билер сотының түпкі мақсаты – дауласушы жақтарды бітістіру, татуластыру, табыстыру болған десек, 1743 жылы Төле би Түркістан өлкесінде бас би боп тұрғанда, оған Ресей патшалығының елшісі К. Миллер келіп жолығады. Миллер осыдан 4 жыл бұрын Әулиеата мен Түркістан шаһары арасында керуенін бастап келе жатқанда жолда Қойкелді батыр жасағы кездесіп, оларды тонап кеткенін баян етеді. Бір жағынан жоңғарлар, екінші жағынан қоқандар қазақ даласына көз тігіп, анталап тұрғанда, Ресей патшалығымен келісімге келіп, бірлесе күш қосу қажеттігін сезінген Төле би ол дауды Ресей елшісі К. Миллердің пайдасына шешуді ойлайды. Сөйтеді де, өзінің туысы Қойкелді батырды шақыртып, билік мәжілісіне салады. Бұл мәжіліске К. Миллер, Жәнібек батыр, Қаз дауысты Қазыбек би, Түркістан шаһарын билеп тұрған Сейітхан, Ташкент бегі Қоқым би, Қарақалпақ биі Сасық би, Барақ Сұлтан т.б. беделді кісілер қатысады. Қандай дау болса да, айтыс тартыссыз шешілмейтіні белгілі. Бұл жолы да солай болады. Бір билер Қойкелді батырды жақтап сөйлейді. Енді бірі Миллердің талабын орынды деп табады. Сонда Төле би ортадан мынадай кесім шығарады. - Мен ел қамы үшін өз қолымды өзім кескелі отырмын. Қойкелді батыр бәріңнен маған жақын, жақын екен деп оны өзіме тартқам жоқ, Миллер мырза алыс, алыс екен деп көкірегінен итергем жоқ. Алдымен бір ауылдың емес, бүкіл халық қамын ойлайық. Жұртым-ау, мына жақтан жоңғарлар шабуылдап, мына жақтан Қоқандар қоқандап, ең даламызға көз тігіп отырғанда, бізге қол ұшын беретін дос керек емес пе? Осы мақсатпен біз орыс патшалығымен келісім-шарт жасастық қой. Сондықтан досыңа қимасыңды бер демекші, Миллер мырзаны ырза етейік. Қойкелді батыр екі мың жылқы төлеп орыс керуенінің шығынын төлесін. Тәйірі, мал деген қолдың кірі емес пе? Азар болса, қазақтың бір байының жылқысы кетердағы. Кейін ел болып оның орнын толтырармыз. Төле бидің осы билігіне бәрі тұрыпты. Қойкелді батыр да мойындапты. «Дау мұраты – біту» нақыл сөзі осыдан қалған. [6, 78 б.]

Ұлттық салт-дәстүрлер дала заңдылығының қайнар көзі. Осыған сай заң нормаларына сүйенген билер дау-дамайды көркем сөзбен, кестелі оймен рет-ретімен тарқатып отырған. Билер тек қана соттың ғана емес, сонымен қатар, сот процесіндегі адвокаттың да, прокурордың да, тергеушінің де, судьяның да рөлін атқарған. Оны олардың «айттым бітті, кестім үзілді» деген бір тарапты ғана қолдайтын пікір айтпағандарынан көруге болады. Билер алдына келген даудың шындығына жету үшін тергеу амалдарын да жасаған. Мысалы, Әйтеке би ұрыны анықтау үшін арнайы киіз үй тіктіреді. Үйдің ішін көз көрместей қараңғы етіп, оған қара күйе жаққан ақ лақты қамайды. Сөйтіп, күдікті деп алдына алып келген төрт-бес жігітке «үйге кіріп лақты сипайсыңдар, егер лақ қайсысың сипағанда маңыраса, онда сол ұры» дейді. Күдіктілер киіз үйге кіріп, далаға шыққанда би олардың қолдарын қарайды. Сөйтсе, бәрінің алақаны қара күйе де, біреуінің ғана

қолы таза болып шығады. Яғни, ұры лақты сипасам маңырар деп қорқып, өзін-өзі ұстап береді. Ұры бұлтартпас айғақпен ұсталды. Енді ол жалтара алмайды, мал иесіне малы үшін екі-үш есе құн төлейді. Демек, қазақ даласындағы даулардың барлық уақытта бітіммен бітуінің бір көрінісін билердің осындай тапқырлығының арқасы деуге болады. Би бабаларымыздың даналыққа толы сөздерін, билік жасап шығарған шешімдерін тың көзқараспен тиянақты түрде қайта зерттеу теңдесі жоқ тарихи мағлұматтарды қазіргі ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, олардың санасына сіңіру қоғамдық сананың қайта жаңғыруына, рухымызды көтеріп, патриоттық сезімдерді қалыптастыруға арқау болатыны сөзсіз. [7, 398б.]

Ойымды даналар сөзімен қорытар болсам, Әбу-Насыр әл-Фараби бабамыз «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, болашақты болжау қиын» десе, Елбасымыз «Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихын ой елегінен өткізіп «Кеше кім едік? Бүгін кіміз?» деген төңіректе ойлансын. Туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен олқы еместігін түсінсін. Әрбір азамат өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» дегені ой салады. Демек, Би бабаларымыздың даналыққа толы сөздерін, билік жасап шығарған шешімдерін тың көзқараспен тиянақты түрде қайта зерттеу теңдесі жоқ тарихи мағлұматтарды қазіргі ұрпаққа жеткізіп қана қоймай, олардың санасына сіңіру қоғамдық сананың қайта жаңғыруына, рухымызды көтеріп, патриоттық сезімдерді қалыптастыру, тарихты танып, талап үдесінен шыға білу біздің басты парызымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары: төтенше: билер съезінің ережелері, шешімдері \ Құраст: Кенжалиев З., Андабеков Ш. – Алматы: Жеті-Жарғы, 1996. – 257 б.
2. Билер сөзі \ құрастырған. Кәкішев Т. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.
3. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. 1-том. 345 б.
4. Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары құжаттар, деректер және зерттеулер.- Древний мир права казахов: - 10 томдық \ Бағдарлама жетекшісі С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2001.-1. – 440 б.
5. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. 4-том. 552 б.
6. Төле би \ Араб харпінен көшірген, құраст., алғы сөзін жазған С.Дәуітов. - Алматы: Мұраттас, 1991. – 78 б.
7. Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би шешендері. 1,2 кітап. - Алматы: Жалын, 1993. – 398 б.

УДК 94(574)

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – ГОРДОСТЬ НАШЕГО НАРОДА

Аманжол Гульдарай

amanzholovagl@mail.ru

студентка ГГККП «Гуманитарный колледж» Управления образования г. Астаны, Казахстан
Научный руководитель – Г. Капасова

История любого народа неразрывно связана с теми личностями, которые в разное время оставили яркий след в его судьбе [1]. Говорят, что каждый человек является продуктом своей эпохи. Однако значительность любой исторической личности измеряется, прежде всего, ее муд-